

Ақкөл ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығы мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № С 46-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 4766 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қаңтардағы № С 53-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 12.01.2016 № С 53-2 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығы мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық мәслихат сессиясының төрайымы
Ақкөл аудандық мәслихат хатшысы

А.Мананбаева
Ж.Салыбекова

КЕЛІСІЛДІ

Ақкөл ауданының әкімі
30 наурыз 2015 жыл

Т.Қ.Едігенов

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік Кірістер комитеті Мемлекеттік
кірістер департаментінің Ақкөл ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы" Республикалық
мемлекеттік мекеме басшысы

А.С.Мұстафин

30 наурыз 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК